

Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2021 жылғы 21 мамырда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №8304 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы

№163/34

2021 жылғы 17 мамыр

### **Ақтөбе облысы Темір және Байғанин аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Темір және Байғанин аудандарының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің Кенжалы станциясы «ауыл» санатына жатқызылсын.

2. Темір ауданы Шұбарқұдық ауылдық округінің Кенжалы ауылы Байғанин ауданының Қарауылкелді ауылдық округінің әкімшілік және аумақтық бағынысына берілсін.

3. Мына шекаралар белгіленсін:

Темір ауданының Шұбарқұдық ауылдық округінің жалпы алаңы 24640 гектар;

Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округінің жалпы көлем 529187 гектар.

4. Қоса беріліп отырған №1 және №2 схемалық карталарға сәйкес Темір және Байғанин аудандарының шекаралары өзгертілсін.

5. Темір және Байғанин аудандарының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесімен бірлесіп осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихаттың шешімінен туындайтын ұйымдастыру шараларын қабылдасын.

6. «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаменті» Республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізсін.

7. «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын Темір және Байғанин аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысына жүргізілген өзгерістермен сәйкестендірсін.

8. Осы бірлескен әкімдік қаулысы мен мәслихат шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппараты басшысына және облыс әкімінің экономика және қаржы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

9. Осы бірлескен әкімдік қаулысы және мәслихат шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыс әкімі**

**О. Оразалин**

**Облыстық мәслихаттың  
хатшысы**

**А.Нугманов**

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**А. Айтжанов**

2021 жылғы 17 мамырдағы  
№ 163 мен

2021 жылғы 17 мамырдағы  
№ 34

Бірлескен қаулысы мен  
шешіміне 1- қосымша

Темір ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысына енгізілген өзгерістер

СЫЗБАСЫ №1

СХЕМЫ №1

Внесенные изменения в административно-территориальном устройстве Темирского района

Масштаб 1:200 000


Темір ауданының әкімі Ж.Н.Батырхан




Аким Темирского района

Темір аудандық

мәслихатының хатшысы Б.О.Ізбасов

Секретарь маслихата Темирского района



-  - Темір ауданының аумағы;  
Территория Темирского района;
-  - Байганин ауданының аумағы;  
Территория Байганинского района;
-  - Темір ауданынан Байганин ауданына әкімшілік-аумақтық бағынысына берілетін аумақ  
Территория, передаваемая из Темирского района в административно-территориальное подчинение Байганинского района;

2021 жылғы 17 мамырдағы  
№ 163 мен

2021 жылғы 17 мамырдағы  
№ 34

Бірлескен қаулысы мен  
шешіміне 2- қосымша

